

Қазақстан Республикасының қара металлургия және алюминий салаларының шикізат базасы кәсіпорындарының өнім шығару көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 24 қаңтар N 100. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.02. N 177 қаулысымен. ~P010177

Өндірілетін темір рудасы өнімдеріне деген республика ішіндегі рыноктың шағын сұраныс және алғашқы алюминий өндірісі жөніндегі қажетті қуаттың болмауы темір рудасы және сазбалшық шикізатының іс жүзінде шет елдерге экспортына бағдар берді. Рынокта шиеленісіп отырған шикізат өткізуге деген бәсекелестік өндіруші-елдерді өздерінің тауар өндірушілерін қолдау жөнінде кезек күттірмейтін шараларды қабылдауға мәжбүр етті, мұның өзі олардың өндірген темір рудасы мен сазбалшық шикізаты өзіндік құнының қазақстандық өндірушілер өнімінің өзіндік құнына керісінше кеміне, соның салдарынан қазақстандық өнімнің рыноктағы бәсекелестік қабілетінің төмендеуіне, темір рудасы шикізаты экспортының 40 процентке қысқаруына және сазбалшық шикізатын өндірудің дәстүрлі рыногының шын мәнінде жойылу қаупіне, кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайының нашарлауына алып келді.

Қара металлургия мен алюминий салаларының шикізат базасы кәсіпорындарының өнім өндіру көлемін ұлғайтуды, оның ішкі рыноктағы бәсекелестік қабілетін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі:

бір ай мерзімде темір рудасы мен алюминий шикізатының әлемдік рынок конъюнктурасына жасалған талдауды және оған сұраныс пен ұсыныстарға болжауды Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырсын және осы тенденциялардың дамуын ескере отырып отандық тауар өндірушілерді ішкі және сыртқы рыноктарда ынталандыру жөніндегі шараларды әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының қара металлургия кен-байыту комбинаттары мен алюминий салалары кәсіпорындарының шикізат тауарларын өңдеу үшін, оларды кейіннен өзге тауарлардың құрамында олардың сыртқы шекараларынан шығаратын болып ТМД елдеріне шығарған кезде Қазақстан Республикасының тауарлардың ТМД-дан тысқары жерлерге экспорты үшін көзделген кеден режиміне жатқызылады деп белгіленсін.

Қазақстандық кәсіпорындардың салық салу мұқтаждықтары үшін Қазақстан Республикасынан шығарылатын тауар экспорты фактілерін растайтын қажетті әрі жеткілікті шарттар болып мыналар табылады:

кәсіпорын орналасқан жер бойынша салық органдарына қазақстандық кәсіпорынның Қазақстан Республикасының немесе ТМД елдерінің резиденті болып табылмайтын шет елдік фирмамен немесе өзге тұлғамен жасасқан, соңғылары сатып алған қазақстандық тауарлардың, соның ішінде оларды ТМД кәсіпорындарында өңделгеннен кейін де ТМД-дан тысқары шығаруға арналғандығы көрсетілуі тиіс экспорттық контрактіні толық көлемде ұсыну;

ТМД кәсіпорнының оларға қазақстандық кәсіпорын берген немесе қазақстандық кәсіпорыннан шет елдік сатып алушы сатып алған және ТМД кәсіпорнына берілген шикізатты олардың өңдегені және дайын өнім құрамында ТМД-дан тысқары шығарғаны туралы экспортқа шығарылатын өнім туралы кеден декларациясының көшірмесін қоса жазбаша растауы.

3. Қостанай облысы әкімінің қара металлургия кен-байыту комбинаттары мен алюминий саласының әлеуметтік салалар объектілерін осы желіні оңтайландыру мен қайта ұйымдастыруды ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың балансына қабылдау туралы ұсынысына келісім берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті осы қаулыға сәйкес 1996 жылдың III тоқсанынан бастап ҚҚС бойынша қайта есептеулер жүргізісін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі